

2020 жылғы қарашадағы іскерлік белсенділік индексі туралы
ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Жандос Шаймардановтың пікірі

Қараша айында іскерлік белсенділік индексі **48,8**-ден **49,4**-ке дейін көтеріліп, 0,6 пайыздық тармаққа өсті.

Индекстің өсуіне құрылыс саласындағы жағдайдың жақсарғаны әсер етті десе де болады. Айталық, осы жылдың ақпан айынан бері, яғни бұл сала алғаш рет қазандағы **47,6**-дан **52,5**-ке көтерілді. Дегенмен өнеркәсіп пен қызмет көрсету салаларында, сәйкесінше, жағдай сол күйі – **49,6** және **48,7**.

Аймақтар арасында қараша айында іскерлік белсенділік Солтүстік-Қазақстанда, Түркістан облысы мен Шымкент қаласында әлдеқайда жақсарған. Ал, керісінше, индекс Батыс-Қазақстан облысында біршама төмендеп отыр.

Бизнес индексінің көрсеткіші қарашада **1,3** болды (осы жылдың қазан айында - 0,0 еді), бұл – өз кезегінде бизнес жүргізуге жақсы жағдай жасалғанын көрсетеді. Яғни, кәсіпорындар қазіргі бизнес-жағдайға жақсы баға беріп отыр деген сөз. Респонденттер бизнес жүргізудегі жағдайдың желтоқсан айында да жақсара түсетініне кәміл сенеді, оған берілген болжалды баға – **4,3**.

Жалпы, іскерлік белсенділік индексі кәсіпорындар арасында жүргізілген сауалнамаға негізделіп жасалады, олардың қазіргі көрсеткіштері, келешектегі өзгерістерге деген болжамдары – бәрі ескеріледі. Қараша айында мұндай сауалнамаға 451 кәсіпорын қатысты: құрылыста – 64, өнеркәсіпте – 169, қызмет көрсету саласында – 218.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/index-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>